



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

противоправных действий, а также оказавшимся в форс-мажорных ситуациях за рубежом. К примеру, в связи с терактами в Испании, Египте и стихийными бедствиями в различных регионах мира.

За пределом информационного фокуса оказалась 51 страна (такие как Ватикан, Македония, Сан-Марино и т.д.), имеющие низкий приоритет согласно концепции ВП РК [4].

На основе вышесказанного, можно утверждать, что деятельность Министерства иностранных дел Республики Казахстан, в разные периоды, соответствует принципам многовекторности, сбалансированности, прагматизма, взаимной выгоды и твёрдого отстаивания национальных интересов страны, которые прописаны в программных документах. Также, проявляется принцип дифференцированного и разноуровневого подхода к взаимодействию с зарубежными странами и международными организациями. На постоянной основе проводятся двусторонние консульские консультации, в обсуждения которых входят актуальные вопросы взаимодействия и развития двусторонних отношений. Именно политика Республики Казахстан в области миротворчества и медиаторства позволяет сохранять государству свои сильные позиции на международной арене.

Список использованной литературы

1. Официальный сайт Президента Республики Казахстан. URL: <http://www.akorda.kz>
2. Официальный сайт Министерства иностранных дел Республики Казахстан. URL: <http://mfa.gov.kz>
3. Официальный сайт Парламента Республики Казахстан. URL: <http://www.parlam.kz/ru/>
4. Официальный сайт Правительства Республики Казахстан. URL: <http://www.government.kz/ru/>

УДК 32:932

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ АНТИАМЕРИКАНИЗМ

Ташмагамбетова Мадина Тулегеновна

akka_maka@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану мамандығының 3 – курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Даркенов

Корея мен АҚШ елдерінің қарым – қатынастарына жүз жылдан астам уақыт болды, ал ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Корея Республикасы мен АҚШ арасында тығыз экономикалық, саяси және мәдени қарым – қатынастар орнады. Корей соғысынан кейін (1950 – 1953 жж.) американдықтар кәріс халқының көз алдында Солтүстік коммунистік қауіптен құтқарушы, демократияның басты қорғаушысы ретіндегі жағымды образда болды. Американдық ықпал ету Кореяның көптеген салаларына тамыр жайды: кәріс жастарының күнделікті өмірінен бастап, саясат пен экономикаға дейін. Алайда 80 – шы жылдары кәрістердің Американы қабылдауы біртіндеп өзгере бастады: соқыр парасаттылықтан сергектік қарым – қатынасқа дейін, ал кейбір кездерде ашық жеккөріністе байқалды. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореядағы антиамерикандық жайлы көптеген батыс және кәріс бұқаралық ақпараттарының қызығушылығы артты. Тағы бір қосатын жайт, Кореяның экономикалық тәуелсіздігінің артуы және Шығыс Азиядағы жетекші мемлекеттердің біріне айналуы, кәріс ұлтшылдығының өсуі, антиамериканизммен тығыз байланысты.

Антиамериканизм және оның Корея Республикасындағы көріністері жайлы айтпас бұрын, бұл түсінікке анықтама берген жөн. Алайда бұл оңай емес, себебі антиамериканизмды түсіндіретін белгілі бір анықтамалық жиыны жоқ. Антиамериканизмның негізгі көзі – діни, мәдени, саяси, тарихи және философиялық

тәжірбиеде, бұл тәжірбие әрбір континентте әртүрлі болып келеді. Сонымен, антиамериканизм бұл – әр жеке адаммен әр түрлі қабылданатын, қиын және аралас түсінік. Ортақ сөзбен айтатын болсақ, бұл термин американдық өмір сүру үлгісіне, саясатқа, үкіметке, мәдениетке және АҚШ халқына деген ұнатпаушылықты білдіреді. Америкаға деген критикалық қарым – қатынастың тарихы ұзақ: бастапқыда антиамериканизм тек мәдени сынды болса, уақыт өте келе, Америка дамыған сайын саяси және экономикалық бағыттағы антиамериканизмге ұласып, әлемнің көптеген нүктелеріне тарайды. [1.78.Б]

Сеулдік антиамериканизмнің қызығы, ол Оңтүстік Кореяның бүкіл тарихында әлем елдері арасындағы ең проамерикандық елдің бірі бола отырып, ең антиамерикалық елде болды. XX ғасырдың соңына дейін антиамериканизмның негізгі ядросы солшыл қозғалыстар болды. Бұнда маңызды рөл ойнағандар студенттер болды. Бұл кезде кәрістер жаңа ұрпағы өмір сүріп жатты. Олар Кәріс соғысы жайлы тек ата – аналарының әңгімесінен естіген. Ол кезеңде Солтүстікке бұрынғыдай деген жағымсыз көз – қарас бәсеңдеді. 80 – шы жылдары жастар антикоммунистік пропаганданы тітіркенішпен қабылдады. Белгісіз Солтүстік, елдегі АҚШ орнатқан диктатураға қарағанда, кішкентай қорқыныш ретінде көрінді.

Баршылықта өскен жастар , Оңтүстік Кореяның экономикалық жетістіктерін елемеді. Олар өз мемлекетін АҚШ, Жапония және басқада жоғары деңгейде дамыған Батыс мемлекеттерімен салыстырды. Әрине, ол кезде бұндай елдердің жанында Оңтүстік Корея сұр болып көрінді. Ал қызу қанды диссиденттер бұл жағдайды елдің бағынышты, нашар күйде тұрғанының дәлелі ретінде қабылдады.

1980 жылы Кванджуда болған көтерілісті америкаандық әскермен қатыгездікпен басылып тастаған соң, көптеген кәріс жастары АҚШ диктаторлық, дұшпандық және респрессивтік күш ретінде көрді.

Сол кездерде университет жастары арасында «минчжун идеясы» танымал бола бастады. «Минчжун идеологиясы» ол – ұлтшылдықтың, классикалық марксизм мен пост – марксистік солшыл теориялардың қосындысы. Осы жердегі айта кететін қызық мәселе, 80 – шы жылдары әлем халықтары, соның ішінде Кеңес Одағы халықтары да коммунизмге деген қызығушылығын жоғалта бастаған кезде, керісінше , Кореяда студенттер арасында марксистік идеялар кең таралды [2]. «Минчжун идеясын» жақтаушылар елдегі режимге дұшпандықпен қарап, ал Солтүстік олардың симпатиясын тудырды.

Солшыл ұлтшылдардың ойынша, Кореяның екіге бөлінуі – Корея Республикасының барлық проблемаларың бастамасы (оның ішінде шын проблемалар да, минчжундықтардың өздері ойлап тапқан проблемалар да болды) . Ал екіге бөлінудің себебі – АҚШ Оңтүстікте «марионеткалық режимді» орнатуында деп сенді.

1980 жылдары «минчжун идеологиясын» активист – студенттер мен радикалды кәсіподақ лидерлерінің арасында ғана танымал болды. Бұл топтар өте аз және мариналды болып көрінуі мүмкін еді, егерде екі жағдайды санамасақ.

Біріншіден, активист – студенттердің радикализмі оларды оппозициялық қозғалыстың басты элементіне айналдырды. Генелардар өздерінің билігін қайта жаңғыруына қарсы массалық демонстрациялардан кейін, 1987 жылы әскерилер биліктен кетті. 1987 жылы маусым айының күндері Сеул көшелеріне миллионға жақын адамдар жиналған кездерде болды. Бұл демонстрациялар осыншалықты массалық болуына ықпал еткен орта таптың қатысуы болатын, ал қозғалыстың жалпы басшылығы жас емес, өте оппозициялық емес адамдардың қолында болды. Алайда студенттер әрқашан катализатордың рөлін ойнады. Корей диссиденттері негізінен солшыл болды, ал марксизм мен антиамериканизм Кореядағы демократиялық қозғалыстың маңызды құрамдас бөлігі болды.

Екіншіден, 1980 жылы Кореяда жоғары білім берудің теңдесі жоқ кезеңі болды. Ол кезеңде университеттік диплом орта тапқа апаратын жол болды, және жоғары оқу орындарында елдегі барлық жастардың үштен бірі оқыды. Сонымен қатар, 1985 – 1995 жылдары Корея университеттерін саясаттандыру деңгейі өте жоғары болды. Әр түрлі демонстрацияларға қатысу, тыйым салынған әдебиеттерді оқу, ереуілдер және полициямен қақтығыстар – барлығы студенттік өмірдің ажырамас бөлігі ретінде қабылданды. Корей

студенттерінде таңдауда болмады: университетердің кампустарында тек солшыл ұйымдар жұмыс істеді.

1987 – 1988 жылдары елдегі ресми азаматтық үкіметтің орнату университеттегі жағдайға айтарлықтай әсер ете алмады. Генералдардың биліктен кетуіне қол жеткізген халықтың басым көпшілігі, қалыпты өмірге қайта оралды, бірақ солшыл – ұлтшыл радикалдар кампустардағы ықпалын сақтап қалды.

Өз кезінде көбісі 1987 – 1988 жылдарда студенттік радикализм ойынға айналып, мемлекет өміріне әсерін тігізбейді деп ойлады. Шынында да, жастар бірнеше жыл «Саясат ойынына» жұмсап, қызығушылығын жоғалтады. Алайда соңғы жылдары мәселенің 1990-95 жылдарға қарағанда ушыққанын көрсетеді. Антиамериканизм солшылдардың ең тұрақты компоненті болып қалды. Мүмкін ол Кореядағы ұлтшылдықтың жоғары деңгейімен тығыз байланыста болғандықтан. Сондай – ақ, бұрынғы «минчжун» қозғалысының айтарлықтай көп бөлігі аспирантура бітіріп, диссертацияларын қорғап, журналистика мен жазушылықпен айналысты. Нәтижесінде корейлік интеллектуалдық әлем солшылдануын жалғастырып, одан әрі антиамерикандық бағыттанды.

Оңтүстік Кореяның антиамериканизмнің тағы бір себебін тарихтан көруге болады. Ерте кездерден – ақ, Корей түбегі көршілік күшті мемлекеттердің тарапынан оккупацияға ұшырады: Силла кезеңіндегі қытайлықтардың күшті ықпал етуі, XIII ғасырда монғолдардың жаулауы, XVII ғасырдың ортасындағы маньчжурлардың Цин империясын құрауы, 1910 – 1945 жылы Жапонияның колониясы болған кезеңі. Осы жайттардың барлығы, корей халқына және олардың сана – сезіміне айтарлықтай із қалдырды. Қандайда бір елдің тарапынан болған қол сұғушылық халықтың ұлттық намысына тиді. Осындай жағдайдың бірі Сеул мен Вашингтон арасындағы 1966 жылғы әскери статус жөніндегі келісім (SOFA) болды. Бұл келісім бойынша АҚШ Оңтүстік Корея территориясында әскери күштермен өз операцияларын жүргізу құқығын алады. Сонымен қатар, келісім азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу, форма кию, қару жарақ ұстау, қабылдаушы елге әскери құрамның, мүліктің кіріп – шығуы және келтірілген шығынды өтеу мәселелерін қамтыды [3].

Корея Республикасының ресми статистикасы бойынша 1967- 1998 жылдар аралығында американдық әскерилер мен азаматтар 50 мыңға жуық қылмыс жасаған. Ал 1945 жылдан бастап американдық солдаттар жасаған қылмыс саны 100 мыңға жуық [4].

Ең үлкен шу көтерген және антиамерикандық қозғалыстар тудырған жайт, 2002 жылы жазда болған оқиға болды. Өзінің кезекті әскери жаттығуы кезінде, американдық бронетранспортер екі 14 жасар корейлік мектеп оқушыларын соғып, мерт қылды. Әскерилерге байқаусыздықтан кісі өлтіру айыпы тағылды, бірақ американдық трибуналмен толығымен ақталды. Бұл массалық антиамерикандық қозғалыстың себебі болды [5].

SOFA келісімі бойынша, американдық азаматтар жергілікті сотқа бағынбайды. Америка өз шешімін американдық сот акцентті нәтижеге емес, ниетке қояды деп ақтады, ал конфуциандық құндылықты ұстанатын кәріс халқы бұл іске мүлдем басқаша қарайды. Кәрістер үшін адам өлтірілген фактіні құндылықтар айырмашылығы да, сот жүйесіндегі айырмашылық та жоққа шығарып, ақтай алмайды.

Ашуға бой берген, дәрменсіз кәрістер американдық әскерді елден шығуды талап етіп, көшелерге шықты. Кейбір деректер бойынша, бұл митингке 100 мыңнан аса адам қатысқан. Корей студенттері американдық әскерилерге қарсы жанғыш қоспаны қолданып, олардың әскери базасына енуге тырысқан жағдайларда болды. 3 ай өткен соң ғана Джордж Буш ресми кешірім сұрады. Алайда сот істі қайта қарастыру керектігі жөніндегі манифесттерде тоқтамады. 3 ай өткен соң ғана Джордж Буш ресми кешірім сұрады. Олар американдық тулары өртеп, антиамериканизм ұрандарымен қозғалыстарға шығуын тоқтатпады. Осылайша Сеулдік антиамериканизмнің бірден бір себебі, Корея территориясындағы американдық әскердің болуы екендігі сөзсіз.

Жаңа корейліктер ұрпағы Солтүстікті елеулі қауіп ретінде қабылдамағандықтан, олар АҚШ әскери одақта ерекше қажеттілікті көрмейді, керісінше оккупация ретінде қабылдайды. 1999 жылы сауалнама жүргізілген кезде, респонденттердің 89% одақтың сақталуын қолдаса,

2002 жылы 56% дейін төмендеді.

Алайда қазіргі таңда Солшыл және студенттік қозғалыстардың бәсеңдеуінің нәтижесінде Корея Республикасының әлеуметтік – саяси өмірінде елеулі антиамерикандық қозғалыстар жоқ.

Бірақ 2017 жылы елдің басшылығына келген Мун Чжэ Ин , Солтүстік Кореяға қатысты жақындасу саясатын ұстануы, Оңтүстік Кореяны АҚШ алшақтатады. Пханмунджонда соңғы екі жылда бірінші рет болған корейаралық келіссөздер арқасында Солтүстік Корея спортшыларыПхёнчханда өткен 2018 жылғы Олимпиадаға қатысуы - бұл мәселені айқындай түседі .

Жалпы антиамериканизм жайлы айтатын болсақ, АҚШ әлемдік держава рөлін ойнағысы келгенше, бұл көрініс әрқашанда АҚШ бірге жүреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. O'Connor B. A brief history of anti-Americanism: from cultural criticism to terrorism // Australian Journal of American Studies. 2004. P. 78.
2. 2.Ланьков А. Внуки Ленина на берегах Хангана: Корейское левоедвижение//Сеульскийвестник.URL:<http://vestnik.kr/articles/historypage/3337.html>
3. 3.Statusofforcesagreement.URL:<http://www.globalsecurity.org/military/facility/sofa.htm>
4. Statistic on crimes committed by US troops in South Korea. URL: <http://www.iacenter.org/Koreafiles/ktc-civilnetwork.htm>
5. Военнослужащие США убили в Южной Корее двух девушек. URL:http://www.newsru.com/world/13Jun2002/usa_korea.html

УДК 327(4/9)

РЕСЕЙ-ОРТАЛЫҚ АЗИЯ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

Тлектесова Айгерим Бауыржановна

t-aigerima@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының IVкурс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Қ.Қилыбаева

Бүгінгі күні Орталық Азия әлемдік саясаттың көлеңкесінен шығып, ресейлік, американдық, қытайлық, еуропалық сияқты беделді аренада талқыланатын «трендке» айналып бара жатыр деуге болады. Атақты американдық зерттеуші Фрэнсис Фукуяма 2016 жылдың басында Орталық Азия жаһандық экономиканың шеткі аймағы бола бермейтінін, керісінше оның орталығына айналатынын айтты.Орталық Азия кем дегенде үш мемлекеттің ортақ қызығушылықтары бар аймақ екені белгілі. Орталық Азияға ықпал ету үшін Ресей, Қытай, АҚШ арасындағы бәсекелестіктің айқын байқалып отырғаны да, осының негізінде ірілі-ұсақты мүдделер қақтығысының тууы мүмкін екендігі де ақиқат.Осы мақалада біз Ресей Федерациясы мен Орталық Азия аймағының өзара қарым-қатынасын қарастырамыз.Біз осыған қатысты сұрақтар шеңберін анықтап, оларға жауап табуға тырыстық: Біріншіден, экономика саласындағы ынтымақтастық, екіншіден Ресейдің Орталық Азия елдерімен бірге қатысатын интеграциялық үрдістер (ЕурАзЭҚ, ШОС, ҰҚШҰ) мәселесі және үшіншіден, Каспий теңізінің құқықтық-нормалық аспектілеріндегі Ресейдің ұстанымы.

Ресей Федерациясының сыртқы саясатында Орталық Азия негізгі орындардың бірін